N E W S
OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES
ISSN 2224-5294
Volume 4, Number 302 (2015), 115 – 118

HISTORY OF ORIGIN OF TRADITIONAL AND NONTRADITIONAL RELIGIOUS ASSOCIATIONS IN KAZAKHSTAN

Satov Ye.Zh., Bazarbai G.N.

Kazakh national university named after Al-Farabi, Almaty, Kazakhstan

Key words: religion, Islam, Christian, sect, ethnicity, denomination, missionary, religious fanaticism, non-traditional religious organizations, civil society.

Abstract. This essay describes the history of the emergence of traditional and nontraditional communities in Kazakhstan. Emphasis was placed on these two urgent problems in modern Kazakhstan, as the radical Islamic associations and non-traditional religious organizations. In the study, the author finds the main specific elements in the development of the spiritual and morale of the population.

ҚАЗАҚСТАНДА ДӘСТҮРЛІ ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ЕМЕС ДІНИ БІРЛЕСТІКТЕРДІҢ ПАЙДА БОЛУ ТАРИХЫ

Сатов Е.Ж.,[1] Базарбай Г.Н. [2]

[1] Гуманитарлық ғылымдарының магистрі
[2] Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Алматы, Қазақстан

Тірек сөздер: дін, ислам, христиан, секта, этнос, конфессия, миссионер, діни фанатизм, дәстүрлі емес діни ұйымдар, азаматтық қоғам.

Аңдатпа. Бұл мақалада Қазақстанда дәстүрлі және дәстүрлі емес діни бірлестіктердің пайда болу тарихы қарастырылған. Қазіргі Қазақстандағы радикалды ислам бірлестіктері мен дәстүрлі емес діни ұйымдар секілді екі өзекті мәселеге ден қойылып отыр. Автор зерттеу барысында ел тұрғындарының руханиморальдік кемелденуінің негізгі спецификалық белгілерін анықтаған.

Қазақ елі XX ғасырдың соңында тәуелсіздіктің тұғырына көтеріліп, құқықтық дербес мемлекетке айналды. Найзаның ұшымен, қылыштың жүзімен, білектің күшімен келген мұндай егемендік – келешек ұрпаққа аманат екендігі хақ. Әлемнің екі бірдей дүние бөлігі мен Еуразияның кіндігінде орналасқан мемлекетіміздің спецификалық белгілері жоқ емес еді. Әрине, оған ғасырлар бойына созылған тарихи оқиғалардың жемісі ықпал еткендігі аян. Сөзімізді дәйектейтін болсақ, патша үкіметінің құрамында болған кезеңдерде елімізге отарлық басшылықтың бұйрығымен көптеген ұлт және ұлыс өкілдері қоныс тепті. Ұйғырлар мен дүнгендер, кәрістер мен немістер, славян тектес ұлт өкілдері халқымызбен сіңісіп кеткендігіне тарих куә.

Демек, мұндай халықтардың қоныстануы Алаш жұртының көп ұлтты, көп дінді елге айналуына әсер етті. Әрине, отарлық езгіден де бұрын Қазақ жерінде өзге дінді таратушы миссионерлер болған. Мәселен, Иран мен Парсы шығанағынан манихей, еуропалық елдерден христиан, Аспан асты елінен будда діндері тараған. Бірақ өткен мыңжылдықтардың миссионерлік ахуалымен қазіргі жағдайды салыстыру қисынсыз. Себебі діни ағымдар мен секталардың орталықтары мен оның зардаптарынан туындаған құбылыстар кездеспеген.

Ал бүгінгі таңның діни ахуалы өте күрделі де, өзекті проблемалардың бірі. Өйткені тәуелсіздік жылдар елімізде азаматтық қоғамның және нарықтық экономиканың құрылуымен ғана емес, сондай-ақ, діни серпілістің жүруімен де сипатталады. Мысалы, дәстүрлі діни бірлестіктер ұстанымдарының күшеюімен бірге қазіргі Қазақстан үшін беймәлім, жаңа «дәстүрлі емес» діни

ұйымдар пайда болды. Жат дін мен сектаның сергелдеңіне түскен автохтонды ұлт өкілдері аз емес. Оның қоғам мен мемлекетке тигізер зардабы орасан зор.

Мемлекетіміздің басты қазынасы – адам, оның өмірі мен бостандықтары және құқықтары екендігі анық. Елімізде жүргізіліп отырған саяси ахуалдың барлығы осы қағидаға негізделетіндігін біз тәуелсіздік алған жылдар ішінде орын алған оң өзгерістерден көре аламыз. Тәуелсіздік жылдарында елімізде орын алған күрделі саяси-экономикалық, әлеуметтік және мәдени жаңарулар мен өзгерулер ағымында мемлекет билігінің қайнар көзі болып табылатын халқымыздың рухани өмірі мен діни көзқарастары да бір жағынан толығып, ал енді бір жағынан әралуан бағыттар бойынша кемелденіп, бүгінгі көптеген этникалық топтар мен түрлі діндерді ұстанатын зайырлы Қазақстан қоғамы қалыптасты [1, 3 б.]. Дін, ар-ождан бостандығы сынды элементтер – біздің қоғамымыздың бет-бейнесін көрсететін формулаға айналды.

Халық, дін және мемлекеттің тұтастығы арасында тікелей тәуелді көпір бар екені аян. Көптеген этникалық топтар мен діни сенімдерден құралған біздің қоғамымыздағы өтпелі кезеңде дін атаулының мемлекеттің ішкі тұрақтылығы мен қауіпсіздігін қамсыздандырудағы рөлі, өндіруші күш болып табылатын халықты ұйымдастырудағы құдіреті, халықаралық қатынастардағы салмағы және еліміздің болашағы мен баяндылығына тікелей әсері өте анық көрініс берді [1, 1 б.].

Бүгінгі таңда мемлекетіміз үшін діни тұрғыдан екі күрделі проблема туындап отыр. Бірі, хақ исламның атын жамылған жалған діни бірлестіктер. Ал екіншісі, жат жерлік діни ағымдардың күн санап артып бара жатқандығы. Бұл екі мәселенің өзіндік ұқсастықтары болғанымен ерекшеліктері өте көп.

Мәселен, жалған ислам атауын ту көтерген ұйымдардың мұсылман қауымына тигізер зардабы мен тауқыметі мол. Өйткені мұндай ұйымдардың жат жетегіне кеткен қандастарымыздың жақындары мен туыстарының ислам дініне деген көзқарастары бұзылып, теріс айналатындығы анық. Кезінде зайырлылықты сылтау етіп, Пәкістан, Мысыр, Сирия сынды елдерде трансформацияланған ислам жолын ұстанған бауырларымыз радикалды-экстремистік бағытқа түсіп кетті. Теріс пиғыл мен ниетті қасиеттерге ие болғандығына бірінің көзі жетсе, ал екінші бірі әлі де болса соқыр мен мылқаудың күйін кешіп жүр.

Біздің қазақ халқы – мұсылман, діні – ислам екендігін үнемі Ұлт көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың қалың бұқараға биік мінбелерден айтып жүргендігіне куәгерміз. Тіпті, Елбасымыз исламның радикалды бағытына көшудің зардабы туралы айта отырып, мұндай құбылысты қоғамның орта ғасырлық кезеңге оралуы ретінде бағалады [5].

Сан ғасырлар бойы хақ ислам жолын ұстанған ата-бабаларымыз осы діннің шариғи нормаларына сәйкес, өз әдет-ғұрып, салт-дәстүрін, наным-сенімін қалыптастырған, әрі оны ұрпақтан ұрпаққа жалғастырып отырған. Бүкіл әлемнің Раббысы, Субхан Алла тағаладан түскен Құран кәримнің сүннет жолымен жүру – бізге берілген аманат. Бірақ, өкінішке орай, бес парызды толық ұстанып жүрген мұсылман азаматының келбетіне қаяу түсіріп, ислам атын жамылып, келеңсіз құбылыстарға барып жүргендер жоқ емес. Ислам бейбітшіліктің діні екенін бірі түсінсе, бірі түсінбес.

Ал екінші бір діни проблема – жат жерлік діни ағымдардың жергілікті тұрғындарға ықпалы болып отыр. Бұл өте өзекті, өзек жарды мәселе. Өйткені дәстүрлі емес діни ұйымдар талай шаңырақты шайқалтып, талай азаматтарды жетім, жесір, ұрпақсыз етті.

Батыс пен Шығыстың алтын көпіріне айналған мемлекетіміз үшін негізгі міндеттердің бірі – транспарентті қоғамда діни экспансиялық саясатқа бақылау мен тексеру ұйымдастыру, олардың қызметтерін, мақсаттары мен міндеттерін толыққанды қадағалау болып отыр.

Қазақстанда тәуелсіздіктің ширек ғасыры барысында діни институттардың сан жағынан да, сапа жағынан мәнді өсуі байқалып отыр. Діни бірлестіктер саны бірнеше есе өсті, рухани дәстүрлер қайта өрлей бастады, жаңа ғибадатханалар салынуда, мысалы, мешіттер, шіркеулер, ғибадат үйлері, синагогалар бой көтерді. Халықтың діндарлығының деңгейі өсті. Әрине, бұл тарихи заңдылық. Өйткені жетпіс жылдан астам уақыт бойына тоталитарлық-казармалық жүйеде өмір сүрген посткеңестік елдерде коммунизмнің атеистік ұраны тұрғындар арасына дінді апиын етіп көрсетті. Тіпті, «адамды адам еткен еңбек» ұраны дүйім жұрттың санасына мықтап орнықты. Жоғары оқу орындары мен өзге де білім ордаларында атеизм міндетті пәндердің біріне айналды. Дін – рухани азық ретінде жойылудың алдында тұрды. Барлық діни мерекелердің, ұлттық

мейрамдардың тойлануына тыйым салынды. Өйткені биліктің көздегені – ұлтсыз, дінсіз, тапсыз пролетариат халқын тәрбиелеу болатын. Мұндай жағдай қоғамның діни ахуалын толыққанды жоюға бағытталды. Дегенмен хакім мен ғазиз иесі Раббымыздың қалауымен хақ ислам дінін ұстанушылар саны артып келеді.

Қазақ топырағы арқылы барлық әлемдік діндер өткен, сондықтан да жатырқаушылық немесе діни фанатизм сезімі бізге жат. Осынау рухани дәстүр – Жаратушы иеміздің түскен сөзіне жүрегіміздің ашықтығы мен сенімділігі және Қазақстандағы конфессияаралық татулықтың аса маңызды тұғырларының бірі.

Біз өзіміздің жатсынбас тұрпатымызбен, этносаралық, конфессияаралық татулығымызбен және өзара үндесуімізбен күллі әлемге танымалмыз. Еліміздің өсіп келе жатқан бітімгершілік әлеуеті алдағы уақытта да мұқият сақталып дамытыла береді. Демек, мұндай келелі жағдай, болашаққа деген нық қадам басуымызға алғышарт болары анық.

Елімізде негізінен басты екі дін бар десек болады. Олар – ислам және христиан. Ислам дінін ұстанушылар халық санының шамамен 70 пайызын құрайтын 24 этникалық топтан тұрады. Республика халқының 58 пайызы қазақтар және оларға қоса ұйғыр, татар, өзбек, түрік, курд, дүнген, шешен, әзірбайжан, башқұрт, ингуш, балкар сынды бауырлас халықтар түгелдей ислам дінін және оның ішіндегі сүнет (суннит) жолын ұстанады. Тек, әзірбайжан және курд халықтарының бір бөлігі мен шағын ирандық топ қана шиға (шиит) жолында. Бүгінге дейін көп білінбейтін шиғалар, әсіресе, IV Кәрім АҒа Ханның елімізге жасаған сапарлары және «Халықаралық тау университетінің» Қазақстандағы бөлімшесінің ашылуы арқасында соңғы жылдары елімізде үгіт-насихаттарын күшейте түсуде.

Сонымен, 2004 жылдың басындағы деректерге сүйенсек, елімізде 1648 мұсылман діни бірлестігі және 1534 мешіт жұмыс істеген [2]. Ал 2011 жылғы 26-сәуірдегі дерек бойынша, Қазақстанда 2500 мешіт жұмыс жасап жатыр [3].

Тәуелсіздік жылдары Қазақстанда діннің нақты қайта өркендеуі жүзеге асты. 1989 жылдың 1 қаңтарында Қазақстанда 671 діни бірлестік, 20 конфессия мен деноминациялар болды. 20 жыл ішінде діни бірлестіктердің саны 6 есеге өсіп, 2011жылдың 1 қаңтарында 4479 жетіп, ал конфессиялар мен деноминациялар саны 40-тан асып кетті. Қазіргі уақытта 3200-ге жуық мешіт, шіркеу, ғибадатханалар жұмыс істейді. Діни бірлестіктердің жалпы санында келесі діни орындар бар: ислам – 2756, орыс православие шіркеуі – 303, рим-католиктік шіркеу – 84, протестанттық және жаңа діни ағымдар – 1301. Діни бірлестіктерге 3377 діни ғимараттар тиесілі, олардың ішінде 2500 – мұсылман мешіттері, 269 – православие шіркеулері, 88 – католиктік костелдер, 5 – синагога, сондай-ақ басқа да протестанттық және т.б. шіркеулер. Елде 8 жоғары (оның ішінде 2 исламдық, 1 католиктік, 1 лютерандық, 4 протестанттық), 6 арнаулы орта және 3 жалпы білім беретін рухани оқу орындары бар. Сондай-ақ, ірі мешіттер жанынан ашылған медреселер мен шіркеу жанынан ашылған жексенбілік мектептер бар. Осы таңда республикада 20 елден келген 400-ге жуық шет елдік миссионерлер жұмыс жасауда [4]. Алайда, миссионерлердің ісі мен әрекеттеріне, олардың бағдарламаларына, Ұлттық қауіпсіздік мәселесіне сай құқықтық, ғылыми және өркениеттік мәндегі сараптамалар жасау қажет екендігін айту керек.

Бүгінде Қазақстан діни эксперимент алаңына айналып отыр. Сол экспериментті қарқынды, жүйелі және ұйымдасқан түрде жүргізіп отырған христиан миссионерлері. Олардың басым көпшілігі АҚШ пен Корея Республикасынан арнайы жолдамамен жіберілген – шоқындырушы үгітшілер армиясы.

Христиан діні күллі әлемдегі ең көп тармаққа бөлінген дін десек қателеспейміз. Онда католик, протестантизм, православие сынды үш басты бағыт бар. Бұлардың ішінде, әсіресе, протестантизм көптеген тариқаттар мен секталарға бөлінген. Осындай шіркеулердің жиырмадан астамы елімізде миссионерлік әрекеттер жасауда. АҚШ-тағы және Кореядағы миссионер ұйымдары Қазақстанға арнайы дайындықтан өткен, әбден ақпараттандырылған, мәліметтендірілген миссионерлерді ғана жібереді. Олар кемінде екі жыл еліміздің тарихын, мәдениеті мен сенімін зерттейді, кейбірі қазақ тілі мен қоса орыс тілін де меңгеріп келеді. Әбден дайындалып, үгіт –насихат әдістемесі негізінде қазақтардың өзге діннің қоластына кету үшін барлық жағдайларды қарастырады [1, 2 б.].

Олар арнайы психологиялық дайындықтан өтіп, жергілікті жұрттың барлық психологиялық әлеуеті мен әлсіз тұстарын зерттеп-зерделеудің арқасында, жергілікті тұрғындарды өз құрамдарына қосуға тырысады [1, 4 б.].

Сүттей ұйып отырған кез келген елдің шырқын бұзудың бір жолы – сол ел халқының наным сеніміне, дініне селкеу түсіру. Бұл экономикалық немесе саяси проблемалармен салыстырғанда анағұрлым ауыр жағдай. Өйткені, уақыт өте келе саяси-экономикалық жағдай түзелер. Ал елдің діни ахуалын күйзелістен шығару үшін тек қана уақыт емес, үлкен еңбек, психологиялық дайындық керек.

Халқымыздың бір тұтастығын, ұлтымыздың бірлігін, болашақ ұрпақтардың өмір жолын тікелей немесе жанама түрде бөліп отырған ұйымдармен күресетін өміршең бағдарлама бүгінгі қажеттілік, әрі қоғам талабы болып отыр.

Қорыта айтқанда, тәуелсіз Қазақстанның діни ахуалын кешенді түрде зерттей отырып, оның айшықты белгілерін анықтау керек. Алғашқы кезекте сырттан келген миссионерлердің қызметтеріне шектеу қойып, олардың барлық қызметтеріне бақылау орнатқан жөн. Өйткені мұндай миссионерлердің елімізге соңғы жылдары ағылып келіп жатқандығына баршамыз куәміз. Әрине, нәтижесінде қазақ топырағында протестантизм, католиктік-лютерандық, иегова куәгерлері, дианектика секілді ұйымдар пайда болды. Мұндай келеңсіз құбылыстар елдің шырқын бұзбасына кім кепіл болар?!

Сонымен қатар, исламның радикалды топтарының құрылуының алдын алып, дәстүрлі исламға кір келтірмеу үшін күресу қажет. Себебі экстремизм, діни фанатизм, терроризм, джихад сынды ұғымдардың барлығын бүгінгі қоғам исламмен байланыстырып қойды. Демек, дін мен терроры ажырататын уақыт келді.

ӘДЕБИЕТ

[1] Мұратаза Б. Қазақстандағы дін және мемлекет қатынастары // Дала мен Қала. – № 5. – 04.02.2005.
[2] http://thenews.kz/2011/01/19/690876.html
[3] http://baq.kz/news/6109
[4] old.abai.kz/node/40456
[5] http://tengrinews.kz/kazakhstan_news/nazarbaev-uvlechenie-radikalnyim-islamom-put-k-srednevekovyu-225208/

REFERENCES

[1] Myrataza B. Kazakstandagi din jane memleket katinastari // Dala men Kala. – № 5. – 04.02.2005.
[2] http://thenews.kz/2011/01/19/690876.html
[3] http://baq.kz/news/6109
[4] old.abai.kz/node/40456
[5] http://tengrinews.kz/kazakhstan_news/nazarbaev-uvlechenie-radikalnyim-islamom-put-k-srednevekovyu-225208/

ИСТОРИЯ ВОЗНИКНОВЕНИЯ ТРАДИЦИОННЫХ И НЕТРАДИЦИОННЫХ РЕЛИГИОЗНЫХ ОБЪЕДИНЕНИЙ В КАЗАХСТАНЕ

Аннотация. В данной статье описывается история появления традиционных и нетрадиционных религиозных объединений в Казахстане. Был сделан акцент на такие две актуальные проблемы в современном Казахстане, как радикальные исламские объединения и нетрадиционные религиозные организации. В ходе исследования автор находит основные специфические элементы в развитии духовно-морального настроя жителей страны.

Ключевые слова: религия, ислам, христиан, секта, этнос, конфессия, миссионер, религиозный фанатизм, нетрадиционные религиозные организации, гражданское общество.

Поступила 15.07.2015 г.